



010000, Астана қ., Бейбітшілік к-сі, 11 үй  
тел: 55-66-31, 55-66-35, факс: 55-72-94

010000, г. Астана, ул. Бейбитшилик, 11  
тел: 55-66-31, 55-66-35, факс: 55-72-94

№

06.03.2019 № 2. \_\_\_\_\_ ге

**Тұрақты комиссияның  
2019 жылғы  
28 ақпандағы қаулысы**

**Астана қаласының мәслихатына  
Шығыс Ильинка тұрғын алабы  
тұрғындарының проблемалы мәселелері  
бойынша жүгінулері туралы**

«Астана қаласының мәслихатына Шығыс Ильинка тұрғын алабы тұрғындарының проблемалы мәселелері бойынша жүгінулері туралы» ақпаратты тыңдап, талқылай отыра, қалалық мәслихаттың құрылыс, экология, көлік, сауда және тұрғын үй – коммуналдық шаруашылық мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясы атқарушы органдар Шығыс Ильинка тұрғын үй алабының аумағында әлеуметтік инфрақұрылымды дамыту және инженерлік абаттандыру бойынша шаралар қабылдап жатқандығын анықтады.

Астана қаласының 2019 жылға бекітілген бюджетінде 008 «Инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды жобалау, дамыту және (немесе) жайластыру» бюджеттік бағдарламасы бойынша Ильинка тұрғын алабынан оңтүстік-шығысқа қарай жеке тұрғын үй құрылысы ауданында электрмен жабдықтаудың, су құбырының және кәріздің сыртқы желілерін салуға жергілікті бюджет қаражаты есебінен 640,2 млн.теңге қарастырылды.

2021 жылға көрсетілген бюджеттік бағдарлама бойынша Ильинка кентінің шығысына қарай жеке тұрғын үйге инженерлік желілер салуға. Түзету (3-кезек. Инженерлік желілер және жолдар) жергілікті бюджет қаражаты есебінен 929 4 млн.теңге қарастырылды.

«Ильинка кентінің шығысына қарай жеке тұрғын үйге инженерлік желілер» жобасы аясында, түзету (2-кезек. Инженерлік желілер және жолдар) сумен жабдықтау, кәріз, жарықтандыру желілерінің құрылысы, кәріз-сорғы стансасының құрылысы және жол құрылысы орындалды. Жеке тұрғын үй құрылысына бөлінген учаскелер игерілмейтін аумақтарды қоспағанда, жобаға

түзету жүргізілуде. Осы жоба бойынша құрылысты аяқтау 2019-2020 жылдарға жоспарланды.

«Ильинка кентінің шығысына қарай жеке тұрғын үйге инженерлік желілер» жобасы аясында түзету, 2017 (3-кезек. Инженерлік желілер және жолдар) Ильинка кентінің шығысына қарай тұрғын үй алабында 2017 жылы 40 көше асфальтталып, 26 көшеге қиыршықтас жамылғысы төселді.

2018 жылы 7 көшеге қиыршық тас жамылғысын, 1 көшеге асфальтбетонды жамылғысын төсеу және 18 көшеге инертті материалды себу жұмыстары жүргізілді.

2019 жылдың ақпан айында Астана қаласының Қоршаған ортаны қорғау және табиғатты пайдалану басқармасының, «Есіл» ауданы әкімі аппаратының және "CleanCityNC" ЖШС қызметкерлері күл жинауға арналған контейнерлерді орнату үшін орындарды анықтау мақсатында көшпелі кеңес өткізді.

Сонымен қатар, қалалық мәслихаттың тұрақты комиссиясы инженерлік желілерді салу, инфрақұрылымды дамыту және аумақты жайластыру жөніндегі қалалық атқарушы органдардың қызметі Шығыс Ильинка тұрғын алабы тұрғындарының наразылығын туғызатынын атап өтті.

Инженерлік желілер құрылысы бойынша жұмыстар аяқталмаған. 1-ші және 2-ші кезек 10 жыл бойы салынып келеді. 2018 жылдың желтоқсан айында Басқарма «Құлагер» СК» ЖШС мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану, 1 009 149,2 теңге көлемінде тұрақсыздық айыбын өндіру туралы сотқа талап арыз берді.

Құрылысы жүргізілмеген жолдар, көшелер жарықтандырылуда, оның ішінде мектеп айналасында, салынған жолдар мен тротуарлар соңына дейін салынбаған, бұл ересектер мен балаларды жолдың шетімен жүруге мәжбүрлейді, жолдың жүру бөлігінде ешқандай аялдама жоқ, тұрғын алаб аумағында заңсыз салынған құрылыс бақыланбайды – осының бәрі Шығыс Ильинка тұрғын алабы тұрғындары тарапынан бірнеше рет шағым тудырған проблемалар.

Қазіргі заманғы талаптар мен оқыту стандарттарында мұғалімдер мен тұрғын алабтың оқушылары, сондай-ақ емхана қызметкерлері жылдамдықты интернетті пайдалана алмайды.

Қоршаған ортаға және адамдарға зиян келтіретін АС-машиналармен қоқыстарды шығару бойынша жеке қызмет ерекше назар аударуды талап етеді, көбінесе көпшілік пайдаланатын жерлердегі лас қалдықтардан заңсыз құтылады.

Жоғарыда айтылғанның негізінде, құрылыс, экология, көлік, сауда және тұрғын үй – коммуналдық шаруашылық мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясы **ҚАУЛЫ ЕТТІ:**

1. «Астана қаласының мәслихатына Шығыс Ильинка тұрғын алабы тұрғындарының проблемалы мәселелері бойынша жүгінулері туралы» ақпарат назарға алынсын.

2. Депутат М. Е. Шекеновтың төрағалық етуімен, оның құрамына депутаттар В. М. Досаев, С. Е. Жүнісов, Қ. Қ. Таукен, Шығыс Ильинка тұрғын үй алабы тұрғындарының қоғамдастық кеңесінің мүшелері М. Т. Пашкевич, К. С. Тәшенова, сондай - ақ Астана қаласы әкімдігінің тиісті құрылымдық бөлімшелерінің өкілдерін енгізе отырып, Шығыс Ильинка тұрғын алабының проблемалық мәселелерін шешу жөніндегі жұмыс комиссиясы (бұдан әрі - Комиссия) құрылсын.

3. **Астана қаласының әкімдігіне ағымдағы жылдың 10 наурызына дейін:**

- Астана қаласының мәслихатына Комиссия құрамына енгізу үшін қалалық әкімдіктің құрылымдық бөлімшелері өкілдерінің тізімін ұсыну;

- Комиссияда қарау үшін Шығыс Ильинка тұрғын алабының аумағын дамыту және жайластыру саласындағы негізгі проблемалардың тізбесін анықтау және ықтимал жолдар мен оларды шешу құралдары туралы ұсыныстар дайындау;

- «Астана Су Арнасы» МКК арнайы автокөлігімен, септиктермен жабдықталған Шығыс Ильинка тұрғын алабы үйлерінен сұйық тұрмыстық қалдықтарды шығару бойынша қызмет көрсетуді қамтамасыз ету ұсынылсын.

4. Комиссия Шығыс Ильинка тұрғын алабының проблемалы мәселелерін шешу жөніндегі іс-шаралар жоспарын дайындасын.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау Астана қаласы мәслихатының құрылыс, экология, көлік, сауда және тұрғын үй – коммуналдық шаруашылық мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясына жүктелсін.

**Құрылыс, экология, көлік,  
сауда және тұрғын үй – коммуналдық  
шаруашылық мәселелері жөніндегі  
тұрақты комиссия төрағасы**



**С. Жүнісов**